

## **КУБИ ЖАСАУ ТЕХНОЛОГИЯСЫ**

**Орақбай Сейдахметов**

Астана қаласының №57 мектебінің жоғары санатты технология пәні  
мұғалімі

### **Резюме**

В статье рассматриваются вопросы применения современной технологии в изготовлении Куби – древней казахской домашней утвари в виде высокого деревянного сосуда с мутовкой для взбалтывания кумыса, шубата или для сбивания масла, а также предложены инновационные подходы к использованию кубы при изготовлении молочных продуктов в домашних условиях.

### **Summary**

In article questions of application of the current technology in production to Cuby – ancient Kazakh house utensils in the form of a high wooden vessel with a verticil for agitation of koumiss, shubat or for oil knocking down are considered, and also innovative approaches to use a cuby are offered at production of dairy products in house conditions.

Қоғамдағы ұлт саясатын жүзеге асыру және қазіргі жаңаша ойлау мен әлеуметтік-саяси өзгерістерге байланысты жас ұрпаққа ұлттық тәрбие беру ісі бүгінгі күннің өзекті мәселелерінің біріне айналып отыр.

Ғасырлар сынынан еленіп, ұрпақтан-ұрпаққа ұласып ежелден келе жатқан халықтық қолтаңбалы өнердің озық үлгілері жеке тұлғаның қалыптасуына, дамуына және оның ұлттық тәрбиесіне өзіндік ықпалын тигізіп келеді. Сондықтан, жас ұрпақ тәрбиесінде алатын орны орасан халықтық қолданбалы өнер туындыларын оқу-тәрбие үрдісінде қолдану жағдайлары күрделі зерттеуді талап етеді.

Бүгінгі таңда оқушылардың сәндік қолданбалы өнерге баулу ата кәсіппен байланыстырып, ұлтымыздың ғасырлар бойы жалғасып келе жатқан шеберлігін кастерлеуге, іскерлікке баулып, еңбекке деген қабілетін дамыту басты максаттардың бірі болып отыр. Кейбір ұмыт бола бастаған өнерді жаңғыртып, оны жаңаша үлгіге келтіріп кеңейтуге, олардың қызығушылығын арттыру, осы кезде де олар орны ерекше екенін дәлелдеп шығу үшін осы тақырыпты таңдап, зерттей бастадық. Бұл жұмыс түрлері жас өспірімдердің ғылым мен техниканың не өнердің бір саласын тереңдете оқыту арқылы танымдық белсенділіктері мен шығармашылық қабілеттерін дамытуға ықпал етеді. Ең басты бағыт оқушылардың ғылыми жұмыстарын сыныптан

тыс және үйірмелік жұмыс жүйесін оқу тәрбие процестерімен байланыстыра отырып ғылыми деңгейге көтеру болып табылады. Мысалы, өзім еңбек ететін Астана қаласындағы №57 мектепте оқушылардың ғылыми зерттеу жұмыстары жоғары деңгейге қойылған. Әрбір оқушы өзінің таңдаған ғылыми жұмыстарын қолөнерімен байланыстыруды мақсат тұтқан. Олар қазақтың ежелден келе жатқан Күбі өнерін жан-жақты игеруге, соның қыр сырын түсінуге баса назар аударуда. Біз бұрын күбіні тек қана үй ыдысы ретінде қарастырып келсек, енді, оны жанаша электр күбі ретінде көрсетуге тырыстық. Сонымен қатар, оның қазіргі заман талабына сай күнделікті сәндік бұйымдар ретінде қолдануға болатынын тәжірибелік жұмыстар арқылы дәлелдедік. Мұның сырына үңілу барысында, ең алдымен көне көз қарияларымен кездесіп, көп мағлұматтар жинадық. Осы зерттеудің нәтижесінде оқушылар күбіні қазіргі дизайн талаптарына сай сувинирлер жасап, көрмелерге қойды.

Қазақтың белгілі этнограф зерттеушілері Ә.Марғұлан, Ө.Жәнібеков, С.Мұқанов, С.Қасиманов, Х.Арғынбаев, Ә.Қамаков, М.Өмірбекова, А.Ералин және тағы басқалар ұлттық қолөнер туындылары туралы еңбектер жазды. Бұл зерттеулердің біз үшін құндылығы-халықтың қолданбалы өнер арқылы ұлттық тәрбие беруді, мектеп оқушыларының ой-қиялын дамытуда, ұлттық талғамын қалыптастыруда жетекші құрал және зерттеу мәселемізге тірек бола алатындығы. Алайда, қазақтың қолданбалы өнер туындыларын мектептерде оқушы тәрбиесінде пайдалануда нақты зерттеулер кемшін. Өзіміз зерттеп отырған тақырыпқа байланысты арнайы ғылыми еңбектер жеткіліксіз. Сондай-ақ, қоғам сұранысы мен қажеттілігін ескере отырып, төмендегідей қарама-қайшылықты анықтадық:

- электр күбі өнеріне қажетті құрал-жабдықтардың жеткіліксіздігі;
- электр күбі өнерін мектепте өткізуге қатысты материалдардың жеткіліксіздігі;
- оқу тәрбие процесінде пайдаланудың тиімді әдіс-тәсілдерінің анықталмағандығы;
- электр күбі туралы жалпы түсініктің жетіспеушілігі;
- электр күбі әр түрлі сұйық тағамды араластыруға, сақтауға қолайлы ыдыс екенін дәлелдеді, тұрмыс тіршілікте қымыз ашытуға өте пайдалы қолайлы ыдыс болып отыр. Жоғарыда аталған кемшіліктерді жою мақсатында біз зерттеу тақырыбымызды «Халық өнері арқылы

оқушылардың көркемдік талғамын қалыптастыру» (8, 9 сынып) – деп алуды жөн көрдік. Оқушыларға технология сабақтарында қолданбалы өнер арқылы ұлттық тәрбие беру күрделі үрдіс болғандықтан, оны білім берудің барлық сатысында салыстыра талдамай, олардың жас ерекшеліктеріне байланысты зерттеу мәселемізді 8, 9 сыныптар үшін бөліп қарастыруды жөн көрдік.

Педагогикалық технологияға белгілі ғалым В.П.Беспалько практикада іске асатын нақты педагогикалық жүйе, жоба деп анықтама берді. Мұнда ғалым педагогикалық жүйені, тұлғаны қалыптастыруға ықпал ететін арнайы ұйымдастырылған мақсатты, бір-бірімен өзара байланысты әдіс-тәсілдер жиынтығы ретінде қарыстырады.

В.М.Монахов «Педагогикалық технологиялар» дегеніміз – оқыту үрдісін жобалау, ұйымдастыру мен жүргізудің ойластырылған моделі деп түсіндіреді. Ал педагогикалық технологиялар дамуына ретроспективті тұрғыда көз жүгіртсек, алғаш Ф.А.Фрадкина, Л.И.Богомлова, Б.Ю.Рогачева, С.И.Мезенцева, Н.Г.Осухова, М.Г.Плохова, Л.А.Кирсанова сияқты ғалымдардың зерттеу пәні болғанын байқаймыз. 17 ғасырдың өзінде-ақ Я.А.Коменский әрбір мұғалімді педагогикалық инструментарийді қолдана білуге үйретуге тиіспіз деген болатын. Қазіргі кезеңде дәстүрлі классикалық оқыту деп аталатын оның сыныптық - сабақтың оқыту технологиясы да өз кезеңі үшін зор жаңалық еді.

Шығармашылық дегеніміз - адамның белсенділігі мен дербес іс-әрекетінің ең жоғарғы формасы Ж.Дисверг «Жаман мұғалім ақиқатты өзі айтып береді, ал жақсы мұғалім оқушының өзін ізденуге жетелейді» - десе, бұл жөнінде тәжірибелі әдіскер, әрі ғалым Қ.Тасболатов былай деді: Проблемалық ситуация тудыру - оқушыларға сұрақ қойып, оны шешу ғана емес. Мұндағы сұрақ әдетте қойып жүрген сұрақтардан мүлде өзгеше. Ол сұрақ оқушыларға бейтаныс «өздігінен ізденіп, өзінше қортынды жасай білетіндей сұрақ тиіс» - деп атап көрсетеді [1].

Ұлтымыздың мәдениетін сақтап,оны келер ұрпаққа жаңа көзқараспен жетілдіріп жеткізуде білім беру ісі басты құрал болып саналады.Қоғамдағы қазіргі кездегі қайта жаңарту, оның қарқынды дамуы білім беруге қойылатын талаптарды ақпараттық жүйеде ізденісті түбегейлі ұстануда.

Қазіргі білім берудің негізгі мақсаты білімін, біліктілігін, дағдысын қалыптастыруға қол жеткізуғана емес, ұлттық тәрбие

негізінде ертеңгі қоғамның белсенді азаматы, бүгінгі оқушы тұлғасын қалыптастыру.

Қазақ халқының қолөнері деп халық тұрмысында жиі қолданылатын өру, тігу, тоқу, мүсіндеу, ағаштан, темірден құрастыру, бейнелеу сияқты шығармашылық іс-әрекеттің жиынтығын айтады. Шын мәнінде қолөнер түрлерінің әрқайсын талай ғасырлық тарихы бар.

Қазақ халқы өзінің күн көріс тіршілігіне қажетті үй-жай салуды, тіршілікке керекті бесік құралы, ыдыстар күбі тағы да сол сияқты, азық-түлік өндіруді өзінің тұрмыстық кәсібі етіп, оларды күнбе-күнгі тіршілік барысында орынды пайдаланса, әсем бұйымдар жасап, өмірге сән салтанат бұйым ортасын құра білді. Бұдан біз халық шығармашылығының қандай түрі болса да халық өмірімен, сол халықтың қоғамдық тарихымен, күн көрісімен, кәсібімен тығыз байланысты екенін көреміз.

Халықтың қолөнеріне әдет - ғұрып жабдықтарымен қатар аң аулауға, мал өсіруге және егіншілікке қажетті құрал-жабдықтарда кіреді. Киіз үйдің сүйегі, күбі, ағаш керуерт, кебеже сандық жасап, кілем, сырмақ, алаша, ши, түрлі бау басқұрлар тоқып арқан, жіп есіп, көннен және илеулі теріден қайыс, таспа тіліп, өрім өріп қолдан әр алуан ыдыс-аяқ, адалбақан, асадал, бесік және т.б көптеген заттарды халық шеберлері, зерігерлер өз қолдарымен жасап, түрлі нақыштарымен әшекейлейтін болды. Қолөнерінде көңілге қонымды мәнерлер мен ондаған қолданылған әдістер архитектурада кеңінен қолданып келеді. Ертеден біздің заманымызға дейін сақталған мазарлар мен ескерткіштердегі, діні әртүрлі құрылыстардың қабырғалары мен мұнараларындағы сәнді ою-өрнектер, ағаштан оюлап, тастан қашалып жасалған дінгектастар - халық қолөнерінің тамаша туындылары. XIX ғасырда және XX ғасырдың бас кезінде қазақ халқының қолөнері ішінде киіз үйдің сүйегін ағаш төсек жасау, күбі жасау өнері, ағаш өрнектеу, ат шананы әр түрлі қылып өзгертіп күйме шана, жайдақ шана болып бөлінді. Өнерлері кең өріс алды. Бұл кезде жастарға арнап ер-тұрман мен белдік, қыз-келіншектерге арнап сәукелені күміс, алтындатып әшекейледі, шашбауға да күміспен әшекейледі, білезік, сырға жасап оларды түрлі-түсті өрнектермен зерігерлік қолөнері дамыған үстіне дами түсті, өнерлі қазақты өрге сүйреді. Қазақ халқының «қарыс қазы - балықта, қалың қазына-халықта» деген мақалды да осы өнер молшылығынан туған еді.

**Күбі жасаудың маңызы және тұрмыста қолданылуы.** Электр күбіні зерттеу жұмысымен бірнеше уақыт айналыстық. Электр күбі өнері даму барысында технология жүйесі электронды түрде электр күбі болып қазіргі өмірге сай қолдану тәсілдері жүйеге енуде. Бұл мәдениетімізде тамақ өнеркәсібінде қымыз сақтау технологиясын ертеден дамыған ел екенімізді көрсетеді. Қазақ теледидар жүргізілімінде көрсетілген салтатты көркем фильмінде, жақсы түсірілген. Түрік қағаны кезінен дами бастаған деген болжам бар және де көшпелі және жартылай отырықшылықта тіршілік еткен Орта Азия халықтарына көне заманнан белгілі. Күбі жасау-қазақтың қолөнері саласындағы ерекше бір түр, халықтың қолөнерінің қайсы бір саласында болсын, Күбіні ұстау технологиясы қазақ әйелдерінің шеберлік, көркемдік талғамы өзінің табиғиымен көзге түскен.

Күбінің қолданылатын орны және байырғы жасалу әдісі. Күбі-іркiт пісетiн, көже, қымыз ашытатын ағаштан жасалған бұйым. Қазақ халқы тұрмыста ағаштан әр түрлі күбілерді жасап қолданған. Негізінен, күбі жасаудың екі түрі болған. Бір жерде, яғни қайың мол өсетін өңірде, тұтас қайың немесе қатты ағаштар кесіндісінің өзегін ұңғып, кеңейту арқылы жасалса, енді екінші бір жерде әр түрлі ағаштардан дайындалған бірнеше бөлек жіңішке тақтайлардың темір құрсаумен бірік тірілуі арқылы немесе құралған ағаштардың сыртын шикі терімен қаптап бекіту арқылы құрап жасалған (мысылы, ағаш бөшкені құраған тәрізді). Оны құрамы күбілер түріне жатқызған. Қымызға арналған күбілер, әдетте аласалау және жуандау келеді. Оның да сыртына ою-өрнектер салынады.

Күбі бұйымын құрап жасауға да болады. Мұндай жұмыстар оқушылардың іскерлігін, шеберлігін арттырады. Оның құрылысы бес бөліктен тұрады: -қақпақтың тұтқасы; -қақпак; -тіреуіш бекінісі; -күбіні негізгі бөлігі; -күбінің түбі. Күбі тұтқасы диаметрі 400 мм қалың қатты ағаштан жасаланып, диаметрі 200 мм дөңгелектелініп өңделген қақпақтың ортасына орнықтырылады. Қақпақтың қалыңдығы 20 мм. Қақпак орнығатын тіреуіш күбі биіктігінен 10 – 15 мм төмендеу орналыстырады. Ол күбі құралып болғаннан кейін шеретақ жасалған аша қысқышпен қысылып, желінделеді. Күбінің жалпы биіктігі -1300 мм. Құрау кезінде алдымен күбінің түбі нақтылы бөлшектерге бөлініп, өңделеді де, оған негізгі бөліктері сәйкестендіріліп құралады және ағаш желіммен желімденеді. Күбі - қымызды шайқау немесе май үшін піспегі бар ағаш ыдыс, биіктік – 850 мм, дөңгелек негізде –қылтаның

300 мм, төбесі – 200 мм, металдық сақиналармен құрсаған және еннің брустері жинаған – 7 мм және жуандықпен – 20 мм - текше орталықты қақпақты, саңылаумен алады -110 мм, брус диаметрмен ағаш дөңгелек брес қойылған 4,5 мм брустың 4 мм, ұзындығы негізде ұзындықтың екі айқыш-ұйқыш қойылған брустарын алды – 20 мм, жуандықпен – 60 мм - 6 қара.

Күбімен жұмыс жасауда төмендегідей тақырыпты тәжірбелік жұмыстар жүргізілді: Күбі жасау технологиясына келетін болсақ, басқа өнер туындылармен, мысалы, сандық, бесік. Күбі жасау өнері арқылы оқушылардың көркемдік талғамын қалыптастыру бағытында аталған еңбекте электронды күбі жасау өнерінің қыр – сыры, әдіс –тәсілдері технология бойынша сабақтар жоғарғы деңгейде. Қолөнер үйірме жұмыстарына қарастырылған. Халық шаруашылық технологиясын дамыту арқылы ұлттық тәрбие беру. Педогогикалық жүйені қалыпқа келтіріп, жоба енгізу, қолөнер негізінде оқушылардың көркемдік талғамын қалыптастыру. Календарлық жоспар 1 жылға, жарты жылға бөлуге болады. Ата мұра жолдары айқындалып, электронды күбі жасау технологиясын дамыту жолдары қарастырылған. Қымызды сақтау технологиясын дәріптеу оны қолдану түрлері, электронды күбі жасау өнеріне жетілдіру. Технология пәнінің негізгі мақсаты білім беретін мекемелердегі оқушыларды еңбек саласына даярлау болса. Оқушыны өздігінен жеке тұлғасын шығармашылық жолда дамуын қалыптастыру. Нарықтық экономикасында әрбір отбасындағы адам табиғатпен қоғам өзара қатынасы жан-жақты бағытталған. Технология-қоршаған ортаның өзгерту мен қайта құру барысында адамның іс-әрекеті тәсілдері мол ғылым. Электір күбі жасау технологиясының күнтізбелік жоспары мен сабақ үлгілері ұсынылған. Аталған еңбек технология пәні мұғалімдері мен қолөнер үйірме жетекшілеріне арналған.

Қазіргі жағдайда оқушылардың санасында, ой-өрісінде, жалпы азаматтық рухани құндылықтар мен жоғары адамгершілік қасиеттерді қалыптастыру, оқушы тұлғасының даму барсын психологиялық жан-жақты және үздіксіз зерттеу, оның даралық ерекшеліктерін танып, дұрыс бағытта дамыту, әртүрлі әлуметтік және моралдық психологиялық жағдайларда қолдау көрсету және қоғам өмірін ізгілендіру мен демократияландыру жағдайында жаңа азаматты көзқарас. Қазақтың ұлттық өнері арқылы қалыптастыру мәселесінің маңыздылығы мен көкейлестілігі күннен-күнге артып отыр. Сондықтан, білім беру жүйесін реформалау саясатын ең біріншіден-



еңбек, технология, кәсіптік білім беру сияқты өмір талабына қойылатын сұранысқа сәйкес жүргізу, әрбір оқушының дербес ерекшелігін ескеріп, қабілетіне, белсенділігіне сәйкес бағдар ұстау болып отыр. Бұдан ұлттық тәрбие мәселесіне бұрын соңды көңіл бөлінбеген деген ой туындамаса керек. Оған этнопедагогика саласындағы зерттеулер дәлел бола алады. Десек те, қазіргі қоғамның ғылыми, әлеуметтік, практикалық талабына тәрбие беру мақсатын жүзеге асыру қажеттілігіне сай, оқу тәрбие үрдісіне жергілікті жердің экономикалық, экологиялық және этномәдени ерекшеліктерін ескеріп отыр. Білім-қоғамды жетілдіреді. Ал білім мен тәрбие – егіз ұғымдар. Осыны ескере отырып, теориялық білім деңгейінде меңгертіп қана қоймай, оның тәрбиелік негіздерінен хабар беру, еңбексүйгіштік, елжандылық, ар-намыс, адамгершілік ізгі қасиеттерді қалыптастыруды басты нысанға алған абзал. Сонда ғана еңбекке баулуда ұлттық тәрбиенің өзектілігі көрініс табады.

#### Қолданылған әдебиеттер:

1. Б.Момынбаев, Н.Адамқұлов, Д.Әлмағамбетова «Технология», 9 сынып. - Алматы: «Мектеп» 2005.
2. Ө.Жәнібеков «Уақыт керуен». - Алматы: «Жазушы» баспасы 1992.
3. Қ.Мұқанов. «Ағаштан жасалған бұйымдар». - Алматы: «Өнер» 1990.
4. Ш.Өмірбекова. «Қазақ халқының дәстүрі,өнері». - Алматы: «Өнер» 2004.
5. С.Қасимова. «Қазақ халқының қолөнері». - Алматы: «Өнер». 1995.
6. М.Ш.Өмірбекова. «Традиционная культура казахов». - Алматы: «Алматы кітап» 1987.
7. «Мектеп технологиясы», 7-8 сынып. - Алматы: «Алматыкітап» 2004.
8. Қ.Болатбаев, Е.Қосбармаков, А.Еркебай. - Алматы: «Мектеп» 2006.
9. «Қазақстанның өсімдіктер әлемі». - Алматы: «Алматы кітап» 2004.
10. Ө. Жәнібеков «Эхо. Өнер». - Алматы.1990.
11. «Шаңырақ» үй-тұрмыс энциклопедиясы». - Алматы: «Өнер»1996. 431-435 бет.
12. А.Марғұлан. «Казахское прикладное искусство». - Алматы: «Өнер», 1989.